



БҰЙРЫҚ

03.07.2023 м

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 238 м/к

город Шымкент

**Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңының 8-бабының 5 – тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілсін.
2. Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқуғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2023 жылдың 17 шілде мен 17 тамыз аралығы болып белгіленсін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең аралығы 2023 жылдың 01 қаңтар мен 30 шілде болып белгіленсін.
5. 14.03.2023 жылы № 165 н/қ бұйрығында бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы келесі құрамға өзгертілсін:
Ж.Кенжебаева – заңгер;
Е.Байдуллаев – бас дәрігердің орынбасары;
Б.Алменов – кәсіподақ ұйымының төрағасы.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы бекітілген кестеге сәйкес жұмыс атқарып, нәтижесі туралы есеп берсін.
7. Ішкі талдау жұмыстарының атқарылуын қатаң бақылауды өзіме қалдырамын.

Бас дәрігер

Д.Жумадилова